

1 2009
16962к

Сембі Берғалиев

Мектебім
менің,
мектебім



1 2009/16962к

Сембі Берғалиев

Мектебім менің,

мектебім



Атырау-2008 жыл

371 (574. (2))

ББК 74. 204

Б 77

Берғалиев Сембі.

Б77 «Мектебім менің, мектебім» - Атырау: «Ағатай»
баспасы, 2008, 197-бет

ISBN 978-601-7018-09-2

Колдарыңыздағы бұл кітап Атырау облысындағы Махамбет ауданының Чкалов атындағы орта мектебінің тарихи шежіресі. Мұнда өткен ғасырдың отыз жетінші жылы тағдыр тәлкегіне түскен корей халқының бір топ өкілінің осы өңірге қоныстануына байланысты ашылған орта мектептің өткені мен қазіргі ұлағатты ұстаздары, өмірде ерекше жетістіктерге жеткен тұлектері жайында әңгімележеді.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.



ИМД

ББК 74 .204

ISBN 978-601-7018-09-2

© Берғалиев С., 2008

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Оргкомитета КазЦИКА по Гурьевской области от 7.VI 1938 г.

О плане строительства школ в местах расселения корейцев.

- 1) утвердить строительство школ в следующих местах расселения корейского населения.
 - а) в городе Гурьеве на 280 мест.
 - б) в Баксайском районе в местности Переборная Лука на 160 мест и в Денгизском районе на реке Кигач в местах населения корейцев на 160 мест.
- 2) Обязать ОблОНО, Горсовет и соответствующие райисполкомы, совместно с спецстроем в 3-х дневный срок определить точное место строительства школ и принять необходимые меры к окончанию строительства к 15/VII с.г.
- 3) Обязать ОблОНО принять немедленные меры обеспечению строительства школ утвержденными сметами и проектами и заключить договор с конторой «СПЕЦСТРОЙ».

**Пред. Оргкомитета КазЦИКА
по Гурьевской области.**

/Каляв/

**Секретарь оргкомитета
КазЦИКА по Гур. Области**

/Хайруллин/

от 11/VI-38 г. Школу 280 мест перенесена в Дениз, гор. Гурьеве будет строится школа 160 мест.

**Чкалов атындағы орта мектеп
директоры Н.Кұрмашев мырзага**

Махамбет аудандық мемлекеттік мұрафаты Сіздің
Чкалов атындағы орта мектептің тарихы жөнінде деректер
сұраған хатыңызды қарап, мемлекеттік мұрағат
қорындағы тәмендегі мәліметтерді жолдайды:

Бақсай аудандық халыққа білім беру бөлімінің әр
жылдары тәмендегідей бүйрықтары болған.

Приказ № 15

По Баксайскому райОНО от 14.01.1940 г.

§ 3

Преподавателя по истории Яманхалинской СШ
тов. Ли Ден-Сун назначаю преподавателем по истории
Сарайчиковской СШ.

Зав. райОНО

Казиев

Жоғарыдағы бүйрықтан байқайтынымыз 1940
жылдың басында Сарайшық орта мектебі болып аталған,
аудандық білім бөлімінің 1940 жылғы 13 мамырдағы №
103 бүйрығымен сол кездегі мектеп директоры Ян Бон-
Чунға берілген тәртіптік жазада Сарайшық бастауыш орта
мектебі (Сарайчиковская НСШ) болып аталғаны
анықталады.

Приказ №306

По Баксайскому районному отделу народного образования

От 29.11.1940 г.

В целях лучшего обслуживания школ и оказания
практической помощи учителям приказываю:

§ 1

Внештатными инспекторами РОНО назначаю
следующих товарищей:

3) Карапшин К (Сарайчиковская, Сарайчиковская
- корейская, Тегисшилская и Енбекшильская школы)

зав. райОНО

Казиев

Бақсай аудандық халыққа білім беру бөлімінің 29 қараша
1940 жылғы № 306 бүйрығында алғаш рет Сарайшық -
корей мектебі деген атау кездеседі.

Приказ №78
По Баксайскому райОНО от 4.III-42 г.

§ 1

В связи с призывом в ряды РККА учителей Чкаловской средней школы т.Пак А., Ким Д. С 28/II-42 года считаем уволены с работы.

§ 2

В связи с призывом на военное училище часть учащихся в Чкаловской СШ закрыть IX класс передав желающих из оставшегося уч-ся в Сарайчиковский интернат для продолжения учебы.

Зав. райОНО

Айтенов

Бақсай аудандық халыққа білім беру бөлімінің 1942 жылғы 4-ші наурыздағы №78 бүйрекшінде Чкалов орта мектебі болып аталғаны жөніндегі дерек алғаш рет кездеседі.

Приказ №165

По Баксайскому райОНО от 22/VI-42 г.

В целях укомплектования школ педагогами на 1942-43 учебный год учителям назначаю следующих лиц.

По Чкаловской

1. Ли Ден Су
2. Ли Ден Гун
3. Нам Сан Хан
4. Шин Ен Хен
5. Хван Мен Нюн
6. Тарабрин
7. Тарабрина
8. Иванченко

Зав. райОНО

Айтенов

Чкалов орта мектебінің директоры болып әр жылдары төмендегі азаматтар тағайындалған:

**Приказ №237
Баксайскому райОНО от 27/III-1944 г.**

§ 1

С переходом на другой работу директора Чкаловской СШ тов. Ян-Бунгуна освободить от работы.

§ 2

Директором Чкаловской СШ назначить тов. Нам Сан Хан приступить к работе 28/III-44г.

Завучем Чкаловской СШ назначить тов. Ли Денсуну

Зав.райОНО

Айтенов

**Приказ №6
Баксайскому райОНО от 7/III-1950г.**

В связи с открытием счета Чкаловской СШ директора той, же школы Нам Сан Хана назначаю директором с правом первой подписи на чеках и всех денежных документах.

Вр.Зав. райОНО
Есмағамбетов

**Приказ №18
Баксайскому райОНО от 18 марта 1957 г.**

- 1) В связи с переводом на другую работу директора СШ им.Чкалова т.Нам Сан Хах с 20 марта 1957 г. Освобождаю от должности директора.
- 2) На должность директора СШ им.Чкалова назначаю с 20 марта 1957 г. Ли Ден Сун прежнего завуча.

Зав. райОНО Чердабаев

Приказ № 135

Баксайскому райОНО от 18 августа 1959 г.

Нам Сан Каха назначить директором СШ им Чкалова

Основание приказ Облоно от 17 августа 1959 г.

Зав. райОНО

Джумалиев

Кор №19, тізім №1 л/с, құжат №137, байлам № 15.

Чкалов елді мекенінде мектеп ашу туралы халық комиссарларының қаулысы мұрағат қорынан табылмады. Чкалов мектебіне қатысты 1941 жылғы құжаттар мұрағат қорында сактауда болмағандықтан деректер анықталмады.

Статистикалық мәліметтерден анықталғаны мектеп үйі 1979 жылы ракушеблоктан салынған.

Мұрағат директоры

А.Андашев

Орындаған:

К.Бимұханова

тел 2-11-66

МҰРАҒАТТЫҚ АНДАМА АРХИВНАЯ СПРАВКА

*Атырау қаласы
Махамбет ауданы
Бейбарыс ауылы
Чалов атындағы
орта мектептің директоры
Н. Құрмашевқа*

Сіздің 8. 10. 2007 жылғы № 450 сұранысыңыз бойынша, облыстық мұрағат корындағы Гурьев облыстық кенесі атқару комитетінің (қ. 855) 1938 жылғы құжаттарынан Қазақ Орталық Атқару комитетінің Гурьев облысын үйымдастырушы комитеттің 7.06.1938 жылғы қаулысының көшірмесін жолдап отырмыз.

Өкінішке орай облыстық оку бөлімі (қ. 334) құжаттарынан мектеп тарихына, өміріне қатынасты деректердің табылмағанын хабарлаймыз.

Махамбет (бұрынғы Бақсай) аудандық Кенесі атқару комитеті және аудандық оку бөлімінің құжаттары Махамбет аудандық мұрағатқа берілуіне байланысты, мектеп тарихына байланысты өзге деректерді содан іздестіру керектігін айта кетеміз.

Тіркеме: 2 құжат - 2 бет.

Мұрағат директоры:

Ж.Е.Әлпиярова

Орын. С.Әзбергенов
Тел 328488



*Нығмет Құрмашев,
Чкалов атындағы орта
мектептің директоры,
КР кәсіптік білім беру
ісінің уздігі.*

Kіrіске

*Откенді ой елеғінен өткізбейінше
келешегінді қапысыз болжасау
мүмкін емес.*

Құрметті оқырман!

Мектеп шежіресін жазу идеясы осы табалдырықты 2004 жылы директор болып аттаған алғашқы күндерден басталды. Біраз уақытымды мектептің сол кездегі жай - күйін, яғни, педагогикалық ұжымның жетістіктерін, өлді де әлсіз жақтарын, ұжымдағы психологиялық ахуалды, еңбек тәртібін, материалдық базаның жағдайын, қаржыландыру жайын анықтауға жұмсаған болатынмын. Осы бір азды-көпті талдау, іздестіру, зерделеу жұмыстары кезінде мектептің кешегі - бүгінгі тарихы да ой елеғінен өткізілді. Сөйтіп, сонау бір кездегі саяси құғын - сүргін жылдарында еліміздің қыыр шығысынан қоныс аударылған корей халқының бір бөлігі қазіргі Чкалов селосына жер аударылып келуіне байланысты, 1938 жылы осы жерде алғаш рет орыс - корей мектебі ашылғанын білдім. Қарап отырсам, мектептің ашылғанына да 70 жыл толыпты. Осы жылдар ішінде осынау алтын үядан сан мындаған түлек үшқан. Олардың қатарында корей, орыс ұлттарының да көптеген ұлдары мен қыздары бар. Солардың ішінен, қай ұлттың өкілі болса да, өз қатарынан оза шауып еліміздің өркендеуіне елеулі үлес қосқан тұлектерді біз мақтан тұтамыз.

Сондай-ақ, бүкіл саналы ғұмырының басым бөлігін бала тәрбиесіне арнап осы мектепте еңбек еткен, қазір зейнеткерлікке шыққан, ал біразы бүгін арамызда жок көптеген аға буын өкілдеріне де әрқашан құрметпен қараймыз.

Өз өміріндегі қандай да болмасын елеулі күнді атап өтуді өзіне парыз санайтын қазактың бір перзенті ретінде, мойнына үрпақ тәрбиесінің тауқыметін жүктеген басшы ретінде мектептің даму жолындағы белестерін бағамдау керек деген үйғарымға келдім.

Бұл үйғарым алдағы жұмысымыздың бағыт - бағдарын айқындаپ, мақсат, міндеттер, жетістік межелерін белгілеуге негіз болды.

Әрине, мақсат біреу. Ол оку - тәрбие жұмыстарының нәтижелілігін арттырып, аудан көлемінде алдыңғы қатарлы мектеп санатына жету.

Осы орайда білім беру ісіндегі өзімді қаншама жылдардан бері толғандырып жүрген жайлар тағы оралды ойыма. Өйткені білім мен тәрбие ісінің нәтижелігі төмендегі төрт негізге байланысты. Олар:

1. Жоғары білікті маман;
2. Ынталы тыңдаушы қауым;
3. Бағдарламалық, педагогикалық, санитарлық-гигиеналық, эстетикалық және қауіпсіздік талаптарына сай материалдық база;
4. Қаржыландыру;

Ал, нәтиже шамасы осы төрт негіздің деңгейінә тәуелді екені белгілі жай. Айға шаппасақ та бар мүмкіндіктерімізді пайдаланып, осы мәселелерді шешу үстіндеміз. Білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жоспары жасақталып, онда мұғалімдердің біліктілігін, оқушылардың білім сапасын арттырудың межелері белгіленді.

Мектептің материалдық базасын жетілдіру ісі тек қана жоғарғы жақтың қамқорлығымен және бюджет есебінен шешіледі деп қол қусырып отыра бермей, өз бетімізше әрекет етуді де қажет етеді.

Ондай әрекеттердің бірі демеушілік жолмен мектепті қосымша қаржыландыру көздерін табу еді. Сол мақсатпен мектептің әр жылдардағы тұлекторімен байланыс орнатыла бастады. Солардың алғашқысы № 99-шы құрылыш басқармасы АҚ-ның бас директоры Ким Аркадий Василиевич болды. Ол кісі 2004 жылы 25-ші қыркүйекте келіп, мектептің жағдайымен танысып, күрделі жөндеуге қажетті құжаттарын жасақтаپ беруге уәде етті. Химия, физика кабинеттері мен еңбек шеберханасының мүшкіл жайын көрді. Кейіннен аз - кем құрылыш материалдарымен көмектесті.

Келесі бір әрекетіміз «Алматыинжстрой» ААҚ Атыраудағы өкілеттігімен байланыс орнату еді. Өйткені «Алматыинжстройдың» президенті Шин Бронислав Сергеевич осы ауылда туып өскен азамат екен. Сол кісі 2003 жылы 500 000 теңге көлемінде демеушілік етіп, мектептің үлкен вестибюлін жаңартып беріпті. «Алтын шыққан жерді белден қаз» дегендей, әрі «2003-2005 ауыл жылдары» бағдарламасын алға тартып жоғарыда аталған Атыраудағы өкілеттіктің басшысы Серік Есіркепұлы Оразбаев мырзамен байланысадың сәті түсті. Сөйтіп 2004 жылдың күзінде сол кісінің демеушілігімен 220 000 теңгенің оғистік техникасы, жабдықтары алынды.

Жоғарыда әңгіме еткен А.В.Киммен және сенатор Жандарбек Кәкішевпен болған бір әңгімемізде мектептің 70 жылдығын тойлау жөнінде ойларыммен бөліскең болатынмын. Сол хабар Чкаловтың Алматыда жүрген кәрістерінә жеткен екен. 2005 жылдың көкек айының 2-де Алматыдан Пак Алексей Тимофеевич деген азамат жұбайы Шин Светлана Егоровнамен екеуі мектепке келіп

сәлемдесіп шықты. Артынан көп кешікпей (18. 05. 05ж.) Алексей Тимофеевич ағасы, техникалық ғылым докторы профессор Пак Иван Тимофеевич екеуі тағы келіп біраз әңгімелесіп, өздерінің және сол Алматыда тұратын жерлестері Алексей және Аркадий Юриевич Хегайлардың, Ким Фредерик Николаевичтің енбектерін берді. Сонымен бірге мектептің 70 жылдығын қарсылау шараларына ризашылықтарын білдірді және 2004 - 2005 оку жылынан бастап мектептің ең үздік екі оқушысына «Ағайынды Пактар» атаулы стипендиясын тағайындағандарын айтты. Міне, осымен төртінші жыл сегіз оқушымыз осы стипендияның иегерлері атанды. Осы кездесулерден кейін Шин Бронислав Сергеевичтің өзімен де байланысадын реті келді. Ол кісі өкесі және өзі жөнінде деректер жіберді. Осыдан кейін саябырысайдай болған байланысымыз 2006 жылдың жазында қайта жанданды. Жазғы демалысқа шығар қарсанда, 15 маусым күні, Серік Есіркепұлы шақырып «тамыздың 2-де Бронислав Сергеевич 60-қа толады, соған байланысты қыркүйекте Атырауға келіп, өзі оқыған мектепке баруды жоспарлап отыр. Соңдықтан биыл Сізге тағы да 500 000 теңгенің демеушілік көмегін жасауды үйғардық, керегінізді айтыңыз» - деді.

Дирекция мүшелерімен ақылдаса келе акт залына, болашақ музейге және методикалық кабинетке керекті жабдықтар алуға келістік. Сонымен Атырауда бірнеше күн жүріп акт залына 100 орындық, есік - терезелері мен сахнасына жапқыштар, музейге 6 шкаф, методкабинетке 5 шкаф - барлығы 573 000 теңгенің құжаттарын апарып 28 маусым күні Серік Есіркепұлына тапсырдым. «Мынауың айтқан сомадан көп екен» деп тарылмады Сәкен.

Бұл заттар 25-ші шілдеге дейін түгел мектепке келіп болды.

Сонымен жаз да өтті. Сабак та басталды. 4-ші

қыркүйек күні Алматыдан бір топ кәрістер келе жатқаны, олардың Чкалов мектебіне келу жоспары бар екенін хабарлады ауданнан. Осы мәселемен 6-шы қыркүйек күні сағат 10.00-де С.Е.Оразбаевтың кабинетінде Атырау кәрістері диаспорасының жетекшісі Мария Николаевна Утебаева - Цой үшеуміз кездесіп қонақтарды қарсылау мәселесінің негізгі бағыттарын көлістік. Серік Есіркепұлы қонақтар құр қол келмейтінін, мектепке компьютерлік класс сыйлайтынын, оны 20 қыркүйекке дейін орнатып қою керек екенін ескертті.

16 қыркүйек күні таңертең мектепке аудан әкімінің орынбасарлары Сағынбай Шотпақов, Серік Арыстанов, Серік Есіркепұлы Оразбаев, «Атырауинжстрой» ЖШС-нің директоры Анатолий Иванович Быков және оның орынбасары, барлығы 5 адам келді. Осы кісілжермен бірге округ әкімі Гүлнәзира Жайлашеваны, «1-Мамыр» ЖШС директоры Аманжол Есқариевты алдырып, директордың орынбасары Сәния Қазиева, Марфуға Көшпанованы, кездесудің акт залындағы бөлігінің жүргізушісі мұғалім Жұмабике Өтеуованы қосып кездесудің бағдарламасын талқыладық.

17, 18, 19 күндері үлкен дайындықпен өтті. Бағдарлама бойынша жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды. Дайындық жұмыстарының және қонақтармен кездесудің өте сәтті өтуіне директордың орынбасарлары С.Қазиева, М.Кошпанова, Д.Махасова, М.Төлеева, тәлімгер Ә.Қапуанова, мұғалімдер Р.Иманғалиева, Ж.Өтеуова, Ж.Финаятұлы, Б.Жалғасов, С.Құдабаев, шаруашылық менгерушісі О.Тілекқабылованың еңбектері сінді. Әсіресе, Кошпанова Марфуғаның үйымдастыру жұмыстарын ерекше атаған жөн деп есептеймін.

20-шы қыркүйектегі Чкалов атындағы орта мектепті әр жылдарда бітірген түлектер кездесуіне Алматыдан он бес шакты адамды бастап Шин Б.С.,

Атыраудан біраз адамды бастап М.Н.Утебаева - Цой, Оразбаев С.Е., Кім А.В., Уәлиев Бораш, ауылдағы соғыс, еңбек ардагерлері көлді. Кездесуге мұғалімдермен бірге оқу озаттары қатыстырылды. Аудан әкімі Р.Ғ.Сисатов кездесудің басынан аяғына дейін болыш, қонақтарға арнал сез сөйледі.

Кездесу өте сәтті өтті. Конактар риза болды. Кездесуге үш телеарна, соның ішінде «Қазақстан» телеарнасы, бірнеше газеттердің тілшілері қатысты.

Конактар мектепке 11 компьютер, 1 сканер, 1 принтер, 1 тақтадан тұратын компьютер сыныбын, 1 ксероаппарат, 1 телефон - факс сыйлады. Сонымен бірге Алматының кез келген Жоғарғы оқу орынына түсуге 5 жылға 1 грант тағайындалды. Грант міндетті түрде қазақ баласына берілсін деп талап қойды тағайындаушылар.

Біз Алматыдан келген он бес қонаққа шағын сыйлықтар ұсындық. Үш қонақты-Шин Бронислав Сергеевичті, Пак Иван Тимофеевичті, Пак Алексей Тимофеевичті мектептің «Құрмет кітабына» енгізіп, куәлік тапсырдық. Сонында өзім солист болыш бүкіл зал Қадыр Мырзалиевтің сөзіне жазылған Ескендер Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін айттық.

2004 жылға кері оралсақ. 2003-2004 жылдың қысында жылу қазандарының жұмысынан көп зардал шеккен екен мектеп әкімшілігі. Бір оператор газдан уланыш өлімнен қалыпты. Бұның бәрін аудан әкімі Р.Ғ.Сисатов жақсы біліп отыр екен. Сол кісінің бөлгөн қаржысымен, әкімнің орынбасары С.Шотпақовтың қолдауымен жылу маусымы басталғанша жылу қазандары мен оттықтарын ауыстырып, еден жууға ыссы су дайындастын қондырғыларды жаңа орынға көшіртіп, құдық дайындал үлгердік.

Тамыз айының ішінде аз - кем қосымша қаржы көзін тауып спорт залды, еңбек кабинетін

жарактандырдық. Мектеп ауласына құрғақ қоқыс жинайтын екі контейнер алдық, жатақхана асханасының кіре беріс дәлізін жөндедік.

Бір көніл аударарлық жай мектеп ауласының коршауы еді. Бұл мәселені шешуде округ әкімі Гүлнәзира Жайлашеваның үлкен көмегі тиді. Сол кісі «Ауыл жылдары» бағдарламасы бойынша Атырау мұнай өндіреу зауытынан 1,5 млн. теңге алыш берді. Сол қаржымен мектеп ауласын қоршау мәселесі де шешілді.

Ең үлкен және басты мәселе мектептің негізгі ғимаратының техникалық жағдайы еді. Ғимараттың бір қанаты түгелімен қауіпті жағдайда тұр екен. Қаншама жылдардан бері түрлі деңгейде айтыла жүрсе де «баяғы жартас - бір жартас» болыш келе жатыр екен. 2005 жылдың қарашасында төбесінен құлаған бір кесек бетон спортзалды пайдалануды тоқтатуға мәжбүр етті.

2006 жылдың 6-шы қаңтарында аудан әкімі Р.Ф.Сисатов пен бірінші орынбасары, аппарат жетекшісі үшеуі келіп қарал, ғимараттың апatty жағдайына көздері жетіп дерек күрделі жөндеу құжаттарын дайындауға тапсырма берді. Содан Атыраудағы «Құрылыш Консалтинг» үлттық орталығымен байланысып күрделі жөндеу құжаттарын жасактау, ғимараттың техникалық жағдайына үйғарым жасауға келісім шартқа отырдық. Осы жұмыс екі жарым айға созылды. Тексеру барысында мектептің өрескел ауыткулармен салынғаны анықталды, тіпті ғимараттың онтүстік қанатының жағдайы шығыс қанатынің де (спортзал жағы) қауіпті болыш шықты. Ақтық үйғарымда ғимараттың тең жартысы апatty жағдайда деп танылыш, пайдалануға тиым салынды.

Содан бері күрделі жөндеуге қаржы іздестірілуде. Қындығы сол бұған кішігірім мектеп салатындей қаржы керек болыш тұр.

Биылғы жазда ойда жокта тағы бір түйінді мәселе

туындағы. Ішінде жеті сынып бөлмесі бар бастауыш сыныптардың бөлек тұрған бір ғимараты жарамсыз күйге келіп ішіндегі сыныптарды басқа жерлерге көшірге туралады.

Сабактарды кабинеттік жүйемен оқытуға көшіп тарих, мемлекеттік тіл, математика, орыс тілі, физика кабинеттері жабдықталу үстінде. Жаңа жылға дейін лингафон кабинеті келу керек.

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырудан біраз жұмыстар жасалып жатыр. Екі жыл ішінде бастауыш сынып мұғалімдерінің барлығы, жоғары сынып мұғалімдерінің біразы 12 жылдық окуға дайындық курсарынан өткізілді. Озық педагогикалық тәжірибелерді насиҳаттауға, методикалық басылымдармен байланысты күшетуге, жаңа технологияларды менгеруге, шығармашылық және ғылыми жұмыстарды пәрменді жүргізуға басты назар қойылып отыр. Біраз мұғалімнің біліктілік санаттары көтерілді.

Педагогикалық ұйымның алдына қойған мақсаттарға жетуінің бір кепілі - жүйелі түрде ұйымдастырылған мектепшілік бақылау болып табылады. Окушылардың білім сапасын арттырудан осы бақылаудың ықпалы көңілге қанағат үялатқандай. Жатақхана окушыларының білім сапасы 21 пайыздан 42 пайызға дейін, ал жалпы мектеп бойынша білім сапасы 2003 - 2004 оку жылымен салыстырғанда 5,2 пайызға артты.

Пәндік олимпиадаларымыз берілген ҰБТ-дағы көрсеткіштеріміз көтеріліп келеді.

Окушылардың шығармашылық жұмыстарына жетекшілік ететін мұғалімдерден Орынғали Есмұхановтың, Айгүл Қаламғалиқызының, Бағытжан Жалғасовтың, Мейрамгүл Төлееваның еңбектері айтуға тұрарлық. 2006 жылдың қыркүйегінде өткен қазақ тілі мен

әдебиеті мұғалімдерінің аудандық олимпиадасында Төлеева Мейрамгүл 1-ші орын иемденді.

Жоғарыда аталғандардан басқа да кәсіби шеберлік деңгейлері жоғары мұғалімдер баршылық. Олар – Бижанова Қарылғаш, Байхожаева Ләззат, Якудина Тамара, Гиркина Вера Н., Байжанова Мәкеш, Сатымқызы Салтанат, Кошпанова Марфуға, Қалиева Өтежан, Иманғалиев Зинолла, Тасимова Жұмабике, Маразбаева Гүлбаршың, Серікова Клара, Сұлтанова Клара, Есениязова Алмагүл, Сарсенова Ақдина, Иманғалиева Раушан, Берғалиева Света.

Құрметті оқырман! Төрт жыл ішінде жасалған жұмыстарды барынша ықшамдал беруге тырыстым. Алда әлі қаншама жұмыс бар. Соның бірі мектеп, ауыл тарихы жөнінде мұражай ашу болса және бірі мектеп тарихы жөнінде оның 70 жылдық торқалы тойына арналған осы кітапты өмірге келтіру. Бұл істі осы мектептің көп жылдар бойы басқарған Берғалиев Сембі ағамыз қолға алды. Бұл талабымыздың қорытындысы - қолдарыңыздағы осы шежіре-кітап.

Тарихтан тәбәрік

Жайық өзенімен жапсарлас жатқан осы аймақ тамылжыған орманымен, шұрайлы шабындығымен, тузырап жатқан құнарлы жерімен көз тартатын. Эйтсе де, 30-жылдардың ортасына дейін бұл аймаққа ат басын бұрғандар болған жоқ. Кейінірек бұл жер кәдеге асты. Гурьев ішкі істер бөлімінің ұйғарымымен осы жерге шағын түрме орналасқанын қазіргі егде тартқан жандар жүйелеп айтып отырады.

Халықаралық жағдайдың шиеленісуіне байланысты ССРО деген алып мемлекеттің төрт қабырғасын түгендер, етек - женін жинап, қауіпсіздігін сенімді қорғап қалу үшін

күрделі - күрделі шаралар алу қажет болды.

Батыста әлемді жауап алған, табан астына салмақшы болған Германия жүйелі жоспармен қаруланып, соғыс техникаларын жетілдіріп көршілес мемлекеттерге шабуыл жасап басып алған жатса, шығыста Жапония да қарап жатпады, II-империалистік соғыста Германияға бүйрекі бұрыш тұрды. Қайта - қайта шығыстағы шекараны бұзып, шабуыл жасаймыз деген сес байқатты. Осыған жауап ретінде Сталин қыыр шығыстағы ертеден ССРО территориясын мекендей, өзен - көлдерінің балығын аулап, мал өсіріп, егін салып еңбек етіп жатқан кәрістерден сескеніп, шұғыл түрде шығыстан батысқа еріксіз көшірді. Тұған жерінен еріксіз айырылу кезіндегі қайғы, қасіретті ойға елестетудің өзі ерекше төзімділікті қажет етеді. Саясаттың сиқырлық күші болар, жылап - еңіреп қол дорбаларынан басқа ештеңе ала алмай, қайық, катер, баржілерге отырып теміржолға өлуге жеткен осы кәрейліктерді: «Сендер жер жанатына баrasындар, тез байып кетесіндер!»-деп үрмелі оркестр ойнатып, дуылдатып әндептің шығарып салғанын жыр қылышпайтады. Қыркүйек, қазан айларында жүк поезының ашық вагондарына отырып, өлмешінің күнін кешіп, өлгендері көмілместен лактырылып тасталған, осы халықтың өкілдері Гурьевке жеткенде, Жайықтың жағасы шауыштанып қатып жатқанын еске алады. Үш тәулік жағада палатка астында болады, содан кейін оларды 70 шақырым жердегі Новобогатқа жаяу айдал жеткізеді. Бір қыс жер үйде тұрады. Жер аударылғандардың ішіндегі өмірді көрген, оқыған білімділері қыстай ойланып, картаны колдарына алып зерттеп, тұракты қоныс болуға - егін салуға, мал өсіруге қолайлы, балығы да бар деп, осы қазіргі Бейбарыс елді мекенін тандайды. Бұл тандау - өз нәтижесін берді де. Тездетіп екі колхоз құрылады. «Авангард» және «Павлов» колхоздарының

басқарушылары көрістердің өз таңдауына байланысты өз үлттарынан, «Павлов» колхозының басқарушысына Ян-Бон-Чун, «Авангард» колхозының председателдігіне Ким Семен тағайындалады.

Ың - шыңсыз, айқай - шусыз еңбек етіп, әп - сәтте шаруашылық жыл сайын егістен мол өнім алады. Ак күрішті төбе-төбе етіп үйіп тастайды. Шатырмен кенсе, клуб, колхоз басқармасының үйін тұрғызады. Бүкіл ауылдың көшелеріне ағаш егіп, баққа айналдырады.

Алғашқы мектеп 1938 жылдың күздінде шағын бір бөлмелі саман тастан салынған шатырсыз, жәй үйде 1-2-3 орыс - кәріс кластары болып ашылады. Алғашқы мектептің директоры Ким Антон Данилұлы болды. Ол үй әлі де бар. 1940-41 жылдан бастап қызыл тастан жана мектеп үйін тұрғызады. Орыс азаматы прораб болып өз бригадасымен Топайлы, Карманов, Бақсай (Шой) Махамбет, Сарайшықтағы бос қалған орыс шіркеулерін бұзып, орталау орыс - кәріс мектебін салып береді. Орталау мектепті бітіргендегер 9,10 сыныпты аудан орталығы Махамбеттегі орта мектепте интернатта жатып оқып, білім алды.

7 жылдық мектептің алғашқы директоры болып Ян-Бон-Чун жұмыс атқарды. Ұстаздардың алғашқы легінде Ким Афанасий, Ким Мефодий, Ким Зоя Николаевна, Пак Александр Никитич, Мария Ивановна Назарова, Владимир Павлович Федотовтар болды. Осы ұстаздар жергілікті халықпен тығыз байланыста болды. Коғамдық өмірге белсене араласты. Жаңалыққа жандары күмар осы азаматтар озат тәжірибелі үзбей, жүйелі оқыды.

Ақпараттық газет - журналдарға көптеп жазылады. Әр ұстаз онға дейін газет-журнал алдырады. Сонымен бірге 1945 жылдардан бастап Одақтық дәрежеде атақтары шыққан Ленин орденді Исабаев Бисенғали, Шәкіліков Зұлқарнай, Асыләлиев Аманғали - (үшеуі де

орыс тілі мен әдебиетінің мамандары) және жоғары сыныптың, педагогикалық училищенің математика, физика, астрономия пәндерінен сабак берген мұғалімдер Емзин Хайдар - Махамбет орта мектебі, Жайлыбеков Дәulet - қаладағы Жамбыл атындағы орта мектеп, Мунъянов Әбілхаш - Атыраудағы (Гурьев) педагогикалық училищенің оқытушысының озат істері мен тәрбие жұмыстарын оқып үйренді, зерделей білді.

*** *** ***

Мектептің алғашқы ұстаздары болып **Шин Сергей, Цой Надежда** жұмыс істеді. Нәтижелі еңбек етті. Шәкірттерін білім алуға қызықтыра білді. Осы ұстаздардан білім алуға шәкірттер тараапынан құлшыныс ерекше болды.

Әсіресе, геометриялық есептерді тригонометриялық формулалармен шығару әдістерін менгеру ерекше күрделі жұмыс болатын. Сол кездердегі аузымен құс тістеген, облысқа атағы шыққан математик мұғалімдер Емзин Хайдар (Махамбет орта мектебі), Мунъянов Әбілхаш (Гурьев педагогикалық училищесі), Жайлыбеков Дәulet (Жамбыл атындағы орта мектеп) және осы Чкалов атындағы орта мектептің мұғалімдері Цой Надежда мен Шин Сергей, Доссанғалиев Жакия, Лян Семен қажырлықпен еңбек ете білді. Жоғары нәтижеге қол жеткізді. Осы ұстаздардың шәкірттері Ким Виктор-Москва қаласында еңбек етеді. Экономика ғылымдарының кандидаты.

Кан Александр - техника ғылымдарының кандидаты.

Пак Иван - техника ғылымдарының докторы, профессор болса, Пак Алексей - Алматыдағы ауыл шаруашылық институтында аға оқытушы.

Алдамжаров Зұлқарнай - тарих ғылымның

докторы.

Алдамжаров И.А. - биология ғылымының кандидаты. Талап бар жерде табыс бар. 1945-53 жылдары Жаманқала орта мектебінде (қазіргі Махамбет атындағы орта мектеп) жоғары кластарға математика, физика, астрономия пәндерінен сабак берген Емзин Хайдар шәкірттерінің көбін есепке бейім, қабілетті, үшқыр қиялды етіп тәрбиелеп шығарды. Нәтиже өте жоғары. Қазіргі Қазақстан Республикасы ғылым академиясының корреспонденті Мұфтах Диаров, геология ғылымдарының докторы Қасым Тұқфатов пен Қамаш Хасанов, математика ғылымдарының докторлары Жетібай Наурызбаев, Бұркіт Баймұқанов, зан ғылымдарының докторлары Елекен Қайыржанов, А.Хегай, М.Кан, т.б. осы ұстаздың шәкірттері. Осы ұстаз қосақ арасында бос кетпеуі үшін бақылау жұмыстарын екі тақтаға бөлек - бөлек №1, №2 нұсқамен жазып қояды да, оқушыларды класқа кіргізіп, өзі тапжылмай қарап тұрады. Екі тақтаның арасында тұрып, шылымды да сол жерде тартады, уақыт біткенде жұмысты жинап алады. Ешбір оқушы сөйлесе де, сұрай да алмайды. Тыптыратпайды. Осындай талапқа оқымай көр! (осы ұстаздың шәкірті жазып отыр).

Атырау қаласындағы Жамбыл атындағы орта мектепте математикадан сабак берген Д.Жайлышбеков бақылау жұмысын өткізгенде, дұрыс бақылап, дәл бағасын беру үшін мұғалімге ариалған столдың үстіне отырғыш қойып, соның үстінде отырып, бақылап, оқушыларға шпаргалка пайдалануға мүмкіндік бермеген.

Гурьев қаласындағы педагогикалық училищеде сабак берген Муньянов Эбілхаш математикалық есептердің жауабын жатқа білетін еді деп шәкірттері айтып отырады. Аудандық оқу бөлімінің облыста және Республикада аты аталып, нәтижелі жұмыстармен көрінуінде ауданның педагогикалық ұжымының

тындырымды еңбегі жатыр.

Мектепте көп жылдар бойы «Қазақ ССР-ына еңбек сіңген мұғалім» атағына ие болған Бану Хисамеденова еңбек етті. Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі уақыттарда ұстаздық еткен, қазірде дүниеден озып кеткен халық ағарту ісінің үздігі атағын алған ұстаздар Тұқпашев Хайролла, Мұхамбеталиев Нұргали, Жалғасов Әтеп, Наурызалин Бақтығали, Ли-Ден-Сун, Лян Семен, Ким Елизавета Павловна, Қарамоншақов Ізім, Доссанғалиев Жакия, Тәжіғалиев Бақтығали, Бижанов Сенбі, Ревкова Наталья Наумовна, Мырзағалиев Қайыр, Ян-Чан-Нам еңбек етті.

Халық ағарту ісінің үздігі атағына ие болған Берғалиев Сембі, Тайпанов Ораққали, Қалаубаева Кәрима, Сұндетова Жәния, Әбішев Ғалымжан, Нұргалиева Әсия, Кәкішев Шамил, Кан Татьяна, Ерғалиев Ерғазы, Дүйсенбекова Нәсіп, Мырзахметова Аққызы, өмір бойы ұстаздық мамандықты қадір тұтып, өз істерінің шебері атанды.

1978 жылдан бастап екі қатарлы 624 орындық жаңа мектеп үйі пайдалануға берілді. Мектеп үйі сумен жылыту жүйесіне қосылды. Тазалық жолға қойылды. Сәулетті сарайда оқу шәкірттер үшін бір бақыт, оқушылардың сабакқа белсенділігі артты. Оқушылардың 38 пайызы «4» пен «5»-ке үлгерді. 1978-1986 жылдары төрт оқушы мектепті алтын медальмен бітірді. Спорт жұмыстары жолға қойылды. Төрт жоғары білімі бар деңеш шынықтыру пәні мұғалімдері жұмыс істеді. (1980-85 оқу жылдары). Жоғары кластиң ұл - қыздары футбол, волейбол, баскетбол, шахмат, бокс, жеңіл атлетика үйірмелеріне үзбей қатысып, аудандық спартакиадада елеулі табыстарға жетіп жүрді. Мектептің жақсы дәстүрлөрінің бірі - аудандық спартакиададан жүлде алған балғын спортшыларды ұлығылауға ерекше көңіл бөлу

болды. Мектеп директоры жеңімпаз спортсмендерге бүйрекпен алғыс жариялайды, ата-аналарына қошемет көрсетеді. Шағын сувенирлерді сыйға тартады. Сонымен бірге озат спортсмендерге арнап арнайы жар газет шығарылады, онда жеңімпаздардың фотосуреттері басылып достық әзілдер жазылады. Бұл дәстүрге берік енді. Мысал ретінде келтірген артық болмас, футбол командасының шабуылшысы Б. деген окушыға:

Допты ойнатып қақпақылдай қағатын,
Қысқа пасты берер сәтті табатын.
Риза етіп шебер ойын көрсетіп,
Кошеметке қарық қылыш салатын.
Шабуылды ширекшірып әрқашан,
Доп қуғанда түйғындей бол қалатын.
Қарбаласта жарқылдатып жанарын,

«Тоғыздықтан» әдемі доп салатың, - деп жазылса, ал 100 метрге жүгіріп озып келген А. деген желаяққа:

Қара сөздің қаймағың,
Жайлап қалқып алатын.
Көздің майын тауысыш,
Қағазға өрнек салатын.
«100» метрге шапқанда,
Екі рет дем алатын, - деп жазылыпты.

Бұл окушы әрі тілге бай, шешен сөйлейді, әрі суретке бейім, майлы бояумен бейнені аудармай кескіндейді. Және спортқа өте қабілетті болды. Әсіресе, Қабеновтер, Жайлашевтар, Бижановтар, Жұмағалиевтар, Тілебергеновтер, Кәкішевтер, Кан Андрей, Шин Сергей, Ким Викторлар спортқа ерекше бейім еді.

Отken кезеңдерде мектеп басқарғандардың әрқайсысы өз принциптеріне сүйене отырып оқу программасы талаптарын орындауға, шәкірттерге терең білім беруге көніл бөлді.

Осындай енбекті үйымдастырып, педагогикалық